

Қамқоршылық кеңес

№ 2 отырысының

ХАТТАМАСЫ

Өткізілген уақыты: 28.12.2022 ж.

Қатысқандар: қамқоршылық кеңестің 9 мүшесі

Күн тәртібінде:

1. I жартыжылдықта атқарылған жұмыстың есебі
2. Дарынды балаларды қолдау мақсатында атқарылатын жұмыстармен танысу, талқылау.
3. Дарынды балаларды қолдау және тұрмысы төмен, аз қамтылған отбасы балаларына көмек көрсету жаңа жыл мерекесінде сыйлықтар беру мақсатында іс-шара ұйымдастыру. Қамқоршылық кеңес мүшелері жаңа жылдық мереке қарсаңында жасаған көмегі.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің төрағасы Асқаров Марат Серикович сөз алып, I жартыжылдық жұмысына байланысты қамқоршылық кеңес мүшелерінің мектепке көрсеткен демеушілік жұмыстары жөнінде есеп берді. 2022 жылдың маусым-тамыз айлары аралығында мектепке күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жөндеу жұмыстары кезінде барысын қадағалап, қажеттілігіне орай көмек көрсетілгені туралы айтылды. Жөндеу жұмыстарын қаржыландырылуы толықтай аудандық бюджеттен болды. Мектеп жаңа оқу жылына уақытылы жөндеу жұмыстарын аяқтап, оқушыларды қабылдады.

Екінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңес мүшесі Сулейменов Н.Ж. дарынды балаларды қолдау мақсатында Аудандық пән олимпиадаларына оқушылардың жол ақысына демеушілік жасалғанын айтып өтті. Мектеп оқушыларын, республикалық пәндік олимпиаданың аудандық кезеңіне және оқушылар арасында өткен футбол жарысына апару үшін, көлік және тамақтануға қаржылай көмек көрсетілгені туралы айтылды. Ол өз сөзінде дарынды балалардың жеткен жетістіктеріне тоқталып өтті.

Үшінші мәселе бойынша мектептің қамқоршылық кеңес мүшесі және ата-аналар комитетінің төрағасы Токасанова М.Р. жаңа жыл мерекесіне 21 мектеп оқушысына және 12 шағын орталық балаларына сыйлықтар мен куәліктер таратылғаны айтылды. Жаңа жылдық шыршаны безендіру жұмыстарына көмек көрсетілгенін атап өтті. Жаңа жылдық костюм киген оқушылар ерекше сыйлықтарға ие болды, барлығы 13 оқушы алғаны туралы хабарлады.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе кеңес мүшелері келесідей шешім қабылдайды.

Шешімі:

- 1) 2022-2023 оқу жылының бірінші жартыжылдығында өткізілген «Қамқоршылық» есебі жақсы деп танылсын.

2) 2022-2023 оқу жылының соңына дейін дарынды балалардың аудандық, облыстық кезеңдерге қатысу мүмкіндіктеріне қамқорлық жасау жалғастыру.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:



М.С.Асқаров

Хатшы:



Г.К.Кажыбаева

Кеңес мүшелері:

Б.С.Ислямова



Ш.Т.Ақшабакова



А.А.Оспанова



А.Б.Кусаинова



М.Р.Токсанова



А.К.Сагандыкова



Н.Ж.Сулейменов

